

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫНУ ИНСТИТУТЫ» РММ



ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ
ПЕДАГОГТЕРІНЕ
АРНАЛҒАН
КЕҢЕС



2025 ЖЫЛ





БАЛАНЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУ КЕЗЕҢІ

1.Топта баламен алғашқы күннен бастап мейірімді қарым-қатынас орнату, эмоциялық қолайлы жағдай жасау



3.Бейімделу кезеңінде «бала - ересек» және «бала-бала» эмоциялық байланысты қамтитын ойын, жаттығулар ұйымдастыру маңызды



4.Баланың отбасында және балабақшада жеке ерекшеліктеріне сай тәсілдерді таңдауда ата-аналар мен тәрбиешілер әрекеттерінің ынтымақтастығын сақтау



5. Баланың жеке қасиеттері мен қызығушылықтарына қарай балабақшаның педагог-психолог маманынан жиі кеңес алып тұру.



УЛЫ ЖЕМІС- ЖИДЕКТЕРДЕН САҚТАНУ

1. Балаға орман алқаптары және шалғындарда өсетін улы өсімдіктер туралы айтып, олардың зиянды екенін түсіндіру

2. Улы жеміс-жидектер баланың есінде қалуы үшін суреттерін видеоролик арқылы немесе серуенде көрсету

3. Таныс емес жеміс-жидектерді жеуге болмайтынын және ата-анасы мен ересектер берген жеміс-жидектерді ғана жуып жеу керек екенін ескерту



4. Балаларды серуеннен оралғаннан кейін міндетті түрде қолдарын жууға үйрету

5. Ата-аналарға улы өсімдіктер туралы және баланың денсаулығын сақтау туралы жүйелі ақпарат беру






КҮН СӘУЛЕСІНЕН ҚОРҒАНУ



1.Серуенде балалардың барлығында бас киім болуын ескеру, су ішу режимін қадағалау



2.Ыстық күндері ойын, жаттығу әрекеттерін көлеңкеде ұйымдастыру



3.Күнге тікелей қарауға болмайды, бұл көру қабілетінің нашарлауына әкелуі мүмкін екенін балаларға түсіндіру



4.Баланың басынан күн өту белгілері байқалса, медбикенің көмегіне жүгіну



5.Ата-аналарға күн сәулесінің зияны мен пайдасы туралы кеңестер ұсыну





ОЙЫН ӘРЕКЕТІ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

1. Ойын әрекетін ұйымдастыру кезінде балаларға ойынның ережесін толық түсіндіріп, қолданатын құралдармен таныстыру



2. Ойын кезінде балалардың тату ойнауын ескерту, ойындағы кезектілікті сақтау



3. Ойын ұйымдастыратын ортаның қауіпсіз болуын ескеріп, ойын ережесін орындауға кедергісіз жағдай жасау

4. Ойын кезінде үйден әкелген немесе қауіпті заттарды қолданбау



5. Ойын әрекетінен кейін құрал-жабдықтарды орынына жинауды үйрету



ЕҢБЕК ӘРЕКЕТІ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



1.Балалардың кез-келген еңбек әрекетін педагог үнемі бақылауда ұстау



2.Педагог балалар орындайтын жұмыс туралы толық ақпарат беріп, түсіндіру



3.Еңбек әрекетін жасайтын құралдарды құлап кетпейтіндей, қауіпсіз етіп орналастыру және шкаф сөрелерге мықты бекіту



4.Балалар пайдаланатын үстелдер, орындықтар, басқа да жиһаздар мен жабдықтар олардың бойларына сәйкес болу



5.Аквариумдар, тордағы жануарлар және табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктерін бала еденде тұрып оларға күтім жасай алатындай орналастыру



Балаларды инфекция жұқтыру қаупі бар жұмысқа тартуға қатаң тыйым салынады!



СЕРУЕН КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



2. Серуенге барарда және қайтарда балалардың асықпай шығуын, баспалдақтан абайлап түсуін қадағалау, қастарында еріп жүру



1. Серуен алдында тәрбиеші балалардың қауіпсіздігі үшін ойын алаңын тексеру керек



4. Шөп, асфальт немесе құммен жалаң аяқ жүруге тәрбиеші аумақты қауіпсіздік тұрғысынан тексергеннен кейін ғана рұқсат ету



3. Ауа-райы мен температуралық жағдайға сәйкес балалардың киімін бақылау мен бас киімінің болуын қамтамасыз ету



6. Балалардың жеке гигиена талаптарын сақтауын бақылауды қамтамасыз етіп, лас және қауіпті заттарды ұстауға рұқсат етпеу

5. Күн тәртібіне сәйкес белгіленген режимді, серуендеу ұзақтығын және балалардың ойын, еңбек, жаттығу әрекеттерінің өзгеруін сақтау



Серуен кезінде тәрбиешіге балаларды қараусыз қалдыруға тыйым салынады!





ТӘРБИЕШІ ЖҰМЫСЫНДА ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ



1.Тәрбиеші жұмыс орнында болмаған жағдайда ұйым басшысына ескерту, балалардың өздері ғана, қараусыз қалуына жол бермеу

2.Топтан шығуға қажеттілік туындаса, тәрбиеші көмекшісіне қайда және қай уақытта кететінін айтып, көмекшінің өз жұмысын біраз уақытқа тоқтатып, балаларға қарауын ескерту



3.Өкшесі биік аяқ киім кимеу, тырнақты өсірмеу, шашын жинап жүру және үстіндегі киімдерінің жыл мезгілі мен ауа температурасына сәйкес болуын естен шығармау



4. Тәрбиеші топтың ішінде жеке заттарын жинақтап, жұмыс орнын таза ұстап, балалардың еркін кіріп-шығуын қамтамасыз ету



5.Балаларды қарау, күтім жасау, тәрбиелеу мен оқыту, түрлі әрекетін ұйымдастыру бойынша функционалдық міндеттерін орындау барысында педагог өзінің киімдері кедергі келтірмеуін есте сақтау





БАЛАЛАРДЫҢ ТАМАҚТАНУЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ

1. Тамақ ішер алдында қол жууға және тамақтан кейін ауыз шаюға балаларды дағдыландыру

2. Тамақтану кезінде балаларды дастархан басында әдептілікті сақтауға үйретіп, ас құралдарын дұрыс пайдалануын қадағалау



3. Азық-түлік пен тағамдарға төзбеушілігі (аллергия) бар балалардың ерекшелігін естен шығармау



4. Су ішу режимін ұйымдастыру үшін тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану



5. Тамақтану режимін орындап, бірінші, екінші, үшінші тағамдарды өз ыдыстарымен беру. Жарақат алмау үшін асхана ыдыс-аяқтарында жарықтар немесе сынық болмауын ескеру



6. Ата-аналардан балабақшадағы балалардың рационна кірмейтін өнімдерді (торттарды, кондитерлік өнімдерді және т.б.) қабылдамау



Тәрбиеші мен тәрбиеші көмекшісі топ бөлмелеріне ыстық суды әкелуге тыйым салынады!



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



1. Шығармашылық іс-әрекетті бастамас бұрын тәрбиеші барлық тәрбиеленушілерге қауіпсіз ережелерді түсіндіру

2. Құрал-жабдықтарды балалардың ауызға салмауын қадағалап, бір-біріне сілтемеуін ескерту



3. Іс-әрекет кезінде қолданылатын материалдар мен құрал-жабдықтарды қолдану, қалай ұстау керектігін балаларға үйрету, көрсету



4. Шығармашылық іс-әрекеті кезінде балалардың бір-біріне бөгет жасамауын ескеріп, орындықтарын жайлы етіп орналастыру



5. Баланың шығармашылық қиялының дамуына еркіндік беру, жасап отырған жұмысына асығыстық танытпау

6. Жұмыстың соңында балаларға жұмыс орнын ретке келтіру, қолданылатын материалдар мен құрал-жабдықтарды арнайы бөлінген орындарға қоюды, қолдарын жууды үйрету





АЯҚ КИІМНЕН БОЛАТЫН ҚАУІПТЕН САҚТАНУ



1.Тәрбиеші әрдайым балалардың аяқ киімдерінің бауы байланғанын және ілгектерінің салынғанын тексеру



2.Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден балаларға арты жабық аяқ киім кигізуді талап ету



3.Тәрбиеші топтың ішіне жеке заттарын қоймауы керек және өзінің жұмыс орнын үнемі жинап отыру



4. Балалар шалынып құлап қалмас үшін жүретін жолдарыды таза ұстап, кіретін есіктерден еркін кіріп-шығуын қамтамасыз ету



Балабақшада балалардың үйде киетін шәркей мен аяқ киім киюіне тыйым салынады!





СПОРТТЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР, ЖАРЫСТАРДЫ ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



1. Спорт залға немесе жарыс өткізетін аулаға барғанда балалармен бірге барып, қайту

2. Дене шынықтыру нұсқаушысы жаттығуларды орындау кезінде барлық жаттығулар мен ойындардың ережесін түсіндіру



3. Жаттығу жасау кезінде сөйлеуге болмайтынын ескерту

4. Қимылды ойындар кезінде бір-бірін итермеуді, спорттық құрал-жабдықтарды рұқсатсыз алмауды ескерту



5. Балаларды спорттық құрал-жабдықты өз кезегін күтіп, уақытын келісіп қолдануға дағдыландыру

6. Ұйымдастырылған әрекеттердің соңында спорт залынан сабырлы қадаммен, бір-бірден сапқа тізіліп шығуды үйрету





АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУ



1.Мазасы болмай тұрған баланы көргенде төсекке жатқызу, денесін қалың киімнен босату



2.Балабақша медбикесінің көмегіне жүгіну, дәрі қолданарда тәрбиеші өз еркімен шешім қабылдамау



3.Қалтырап-дірілдеуде, баланың қол-аяғы мұздағанда жылыту, қымтау, аяғына жылытқыш қою

4.Бала жатқан жерге таза ауа келуін қамтамасыз ету, жедел жәрдем шақыру

5.Тәрбиешілер карантиндік шараларды қатаң сақтап, олардың орындалуын қамтамасыз ету



Тәрбиешіге топтағы балаларды емдеу үшін ата-аналардан немесе заңды өкілдерден дәрі-дәрмектерді алуға қатаң тыйым салынады!



ПЕДАГОГТИҢ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПТИҢ АЛДЫН АЛУЫ



1. Балабақшаның педагог қызметкерлері жұмыс орындарына жұмыс уақыты басталғанға дейін кемінде 10 минут бұрын келу



2. Топтың ойын алаңдарының қауіпсіздігі мен жабдықтардың жай-күйін бақылап, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіпті және күдікті заттардың бар-жоғын тексеру



3. Қауіпсіздік тудыратын жағдай орын алса, дереу оларды жою бойынша шаралар қабылдап, әкімшілікті хабардар ету



4. Анықталған бұзылыстар жойылғанға дейін тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырмау, балалармен бірге қауіпсіз ортада болу





ТОПТАҒЫ ҚАУІПСІЗ ОРТА



1.Топтағы жиһаз, шкафтар, сөрелер, пианино, айналар, гүл қоятын тұғырларды құлап кетпес үшін және балалар жарақаттанбас үшін (төбеге, қабырғаға немесе еденге) мықты бекіту



2.Балалардың көз деңгейінде ілгектерді, шегелерді қағуға, топты безендіру үшін түйрегіштерді, тігін инелерін пайдаланбау


3.Қауашақта өсетін гүлдерді баспалдақ бойына, киім ілетін шкафтарға және дәретханаға қоймау



4.Педагог инелерді, түйреуіштер мен қайшыларды, басқа да өткір және кесетін заттарды, шыны заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау

Топтағы заттардың таза, әрі қауіпсіз болуын үнемі бақылауда ұстау керек!





2.Қауіпсіздік ережелерін ашатындай ойын, жаттығу түрлерін таңдау



3. Балалармен әңгімелесуде қиындық туғызатын жағдайлар туралы қарапайым, түсінікті тілде айту



4. Ойынға таңдап алған материалдар, әдістемелік құралдар өрт қауіпсіздігі туралы толыққанды түсінікті қалыптастыратындай болу



5. Балаларға төтенше жағдай кезінде ересектердің көмекке келетіні туралы сенімділік мінез құлық дағдысыларын қалыптастыру

6. Ойын, жаттығу әрекеттерін балалардың жас ерекшелігіне сай таңдау



ТЕРЕЗЕДЕН БОЛАТЫН ҚАУІПТЕН САҚТАНУ



1.Балалар топта болған кезде
терезелерді ашық қалдырмау

2.Балалардың өздері терезе
ашуына жол бермеу



3.Терезенің оңай ашылып
кетпеуі үшін тіреуішінің
орнында екенін тексеру



4.Бала терезе алдына шығып
алмас үшін, терезе маңындағы
барлық жиһаздарды алып тастау

5. Балалардың өз заттарын,
ойыншықтарын терезеден лауқтыруға
болмайтынын түсіндіру





БАЛАНЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҮЙІНЕ ҚАЙТУ КЕЗІНДЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ

1.Тәрбиеленушілерді таңертең қабылдағанда ата-аналардан оның көңіл-күйі туралы сұрау, денсаулық жағдайына қарау

2.Тәрбиеленушінің ауырып тұрғаны байқалса топқа жіберу туралы шешім қабылдау үшін медициналық қызметкердің қарауына жіберу



3.Тәрбиеленушілердің күні бойы денсаулығындағы болған ауытқулар туралы ата-аналарды немесе заңды өкілдерді уақытылы хабардар ету

4.Баланы мектепке дейінгі ұйымнан оның ата-анасы немесе заңды өкілдері алуы тиіс екенін ата-аналарға ескерту

5.Тәрбиеленушілерді 16 жасқа толмаған жасөспірімдерге, алкогольдік қолданған мас күйдегі адамдарға бермеу





ТОПТАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ЖАЙЛЫҚТЫ ОРНАТУ



*1.Педагогтер жұмыс орынында
әзірлікті қамтамасыз етіп, алдын-
ала дайындық жұмыстарын жүргізу*



*2.Әріптестер және ата-аналар
арасында туындаған
келіспеушілікті балалардың
көзінше талқыламау*

*3.Ата-аналардың алдында
балаларды бір-бірімен салыстырмау*

*4.Балалардың көңіл күйін үнемі
бақылауда ұстап, ойын түрлерін
олардың жас ерекшелігіне қарай
қызықты етіп ұйымдастыру*

*5.Іс-әрекеттер барысында балалар
таласып қалмауы үшін
қолданатын құралдарының
жеткілікті болуын ескеру,
кезектілікті сақтау*



Барлық баланы жақсы көру, оларға мейірімді болу!





САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ ОРЫНДАУ



1. Күнделікті жуып, тазалау жұмыстарын жүйелі орындау. Санитарлық заңнамалардың сақталуын қадағалау

2. Төсек әбзелдерінің тазалығын бақылап, уақытылы ауыстыру жұмыстарын жүргізу



3. Тәрбиеленушілер өздерін қауіпсіз сезінетін және олардың дамуы жайлы және қорғалған, таза атмосферада өтетін ортаны құру

4. Балабақшадағы жауапты адамдар жиһаздың, төсек-орын мен ыдыс-аяқтың, шүберектің таңбалауының сақталуын қатаң бақылау



5. Ойын құралдарының таза болуын бақылап, сынған, бүлінген жарамсыз ойыншықтарды қолданбау

Топқа денсаулыққа қауіпті ерітінділер мен сұйықтықтарды әкелуге тыйым салынады!



ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН САҚТАУ

1.Балаларға көшеге шыққан кезде өтіп бара жатқан адамдарға кедергі келтірмеу үшін алдымен солға, содан кейін оңға қарау керек екенін үйрету



2.Қала көшелерімен жүргенде асықпауды, тек тротуарлармен немесе жолдың жиегімен жүру қажеттігін ескертіп отыру

3.Қақпанын жанынан өтіп бара жатқанда абай болу және жолаушылар есікті оқыс ашып, соғуы мүмкін болғандықтан тұрған көліктің жанынан абайлап өтуді түсіндіру



4.Көшеден өтіп бара жатқанда, бағдаршамның белгілерін қадағалау және жолдардың жанында доп, коньки, шана, шаңғы тебуге болмайтыны ескерту

Балалар тек спорт алаңдары мен стадиондарда ойнау керек!



ҚҰММЕН ОЙНАУ КЕЗІНДЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ



1.Құмсалғыштағы құмды ыстық су құйып қопсытып, ұсақ заттардан, сынған ойыншық, әйнектерден тазарту, үнемі тексеру

2.Балаларға құммен мұқият ойнауды, құмды ұқыпты қазуды және құмсалғышта бір-бірін итермеуді түсіндіру



3.Балалардың құмда ойнап отырып, ойыншықтар мен құралдарды лақтыруына жол бермеу



4.Лас қолмен көзді, бетті уқалауға болмайтынын, құммен ойнап болғаннан кейін қолды жууды балаларға ескерту



5.Балаларға құмды лақтыруға, шашуға болмайтынын түсіндіру, Егер құм көзге, құлаққа, мұрынға немесе ауызға түссе, оларды бірден сумен жуып, сұртуді үйрету.



Желді күні құммен ойнауға тыйым салынады!





БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ



1.Тәрбиешілер баспалдақтан төмен түскенде және жоғары көтерілгенде балалардың таяныштан ұстауын қадағалап, қауіпсіздікті сақтай отырып, ілесіп жүру



2.Серуен кезінде балабақша аумағында бөгде адамдар болмауын бақылап, балалардың өздері көшелерге шығып кететін жағдайлар орын алмауын ескеру



3.Тәрбиеші ата-аналарға балалардың қалталарын үнемі бақылап отыруды ескертіп, олардың денсаулығына қауіп төндіретін заттарды пайдалануына жол бермеу



4.Топқа бөгде адамдардың кіруіне рұқсат бермеу, сырт киіммен, ауыстырылатын аяқ киімсіз кіруге тыйым салу





ЭКСПЕРИМЕНТ ЖАСАУ ЖӘНЕ СУМЕН ОЙНАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ



1. Барлық сумен ойналатын ойындарды (сабын көпіршіктері) тек тәрбиешінің рұқсатымен өткізу

2. Сабын көпіршіктерін үрлеу үшін тек пластмасса түтіктерді немесе дайын сабын көпіршіктерінен арнайы құрылғыларды қолдану

3. Басқа балалардың бетіне және киіміне сабынды суды шашуға, сабынды суды ішуге болмайтынын балаларға ескерту.



4. Сабын көпіршіктерімен топта немесе аулада жүгіруіне, сабын көпіршіктерін бір-бірінен тартып алуға, қолында сабын көпіршіктерін ұстап жүрген кезде балаларды көзден таса етпеу



5. Балаларды ойыннан немесе эксперимент жасап болғаннан кейін қолды мұқият жуып, заттарды орнына, ойыншықтардан бөлек қоюға үйрету



Сабын сұйықтығы төгіліп, бала тайып, құлап, жарақат алуы мүмкін екенін үнемі естен шығармау!





БАЛАБАҚША АУМАҒЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ



1. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері арасында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері мен бағыттары туралы ортақ түсінік қалыптастыру



2. Балалардың жеке ерекшеліктеріне және олардың қауіпсіздік қажеттіліктеріне назар аудару



3. Балабақша аумағындағы электр сымдарын оқшаулау, тәрбиеленушілердің қолы жетпейтін жерге қоюды ескеру



4. Ересектер қолданатын құралдарды пайдаланып болғаннан кейін қауіпсіздік техникасын сақтай отырып балалар ойын алаңынан алыс жерде сақтау



5. Топта тұрмыстық электр құралдарын: шәйнектерді, үтіктерді және т. б., оқытудың техникалық құралдарын (магнитофон, проектор, ноутбук және т.б.) қажет болмаса ұзақ уақыт бойы розеткаға қосып қоюды болдырмау





БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ ШАРАЛАРЫ



1. Қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау, ойыншықтарды жүйелі түрде тексеру және дезинфекциялау.



2. Балалар алаңындағы ойын аймақтарының сақталуын, ойын жабдықтарын дұрыс орнатуды, қауіпсіз жабу мен қоршаулардың болуын қамтамасыз ету



3. Балаларға қауіпсіздік ережелерін үйрету бойынша ісшараларға қатысуға ата-аналарды тарту



4. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары туралы ата-аналарды үнемі хабардар ету

5. Табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде телефон арқылы хабарлау

Психологиялық
жайлылықты орнату!





БЕЙТАНЫС АДАМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ



1.Көшеде бейтаныс адамдармен танысуға және оларға жеке ақпаратты (мекен-жайы, телефоны, ата-анасының аты-жөні) айтуға болмайтынын балаларға үнемі ескерту

2.Балаларға ересек адамсыз ауладан шықпауға болмайтынын, таныс емес жерлерде қыдыру үшін үлкендерден рұқсат алуды түсіндіру

3.Бейтаныс адамдардан сыйлықтар алмауды, оларға сенбеуді және ұсыныстарымне келіспеуге үйрету



5.Егер бейтаныс адамдар шақырған немесе уәде еткен жағдай болса, бұл туралы ата-анасына немесе жақын туыстарына айтуды ұмыстпауды ескерту



4.Қауіп төнген жағдайда адамдар көп жиналатын жерге барып, басқалардың назарын аудару керектігін айту





2025 жыл